

**"Көлік құралдарын еріксіз тоқтатуға "Кірпі" арнайы құрылғысын қолдану тәртібінің нұсқамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1996 жылғы 13 тамыздағы N 265 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ішкі Істер министрінің 2009 жылғы 9 қаңтардағы N 7 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 24 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5605 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 15 қазандағы № 842 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 15.10.2015 № 842 бұйрығымен.**

Көлік құралдарын мәжбүрлеп тоқтатуға арналған "Кірпі" арнайы құрылғысын ішкі істер органдарының қызметінде қолдануды одан әрі жетілдіру мақсатында

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Көлік құралдарын еріксіз тоқтатуға "Кірпі" арнайы құрылғысын қолдану тәртібінің, нұсқамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1996 жылғы 13 тамыздағы N 265 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 316 болып тіркелген) бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының Ішкі істер департаменттерінің бастықтары:

1) аталған Нұсқаманы ішкі істер органдары жеке құрамының зерделеуін ұйымдастырып, сынақтар қабылдай отырып, практикалық сабақтар өткізілсін;

2) белгіленген тиесілік нормаларына сәйкес "Кірпі" арнайы құрылғысын сатып алуды қамтамасыз етсін;"

3 және 4-тармақтар алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы комитеті (Ө.Т. Түсімов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет-министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберіп оны мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ресми жарияланғанын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі полиция полковнигі О.А. Федоровқа және Қазақстан Республикасы ІМ Жол полициясы комитетіне (Ө.Т. Түсімов) жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастан он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*Б. Мұхаметжанов*

" К е л і с і л г е н "

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Б а с

п р о к у р о р ы

Р. Түсіпбеков

2009 жылғы 2 ақпан

"Келісілді"

Қ.Н. Қасымов

О.А. Федоров

Қ.Ө. Тілеубаев

М.М. Оразалиев

С.Т. Құсетов

Б.Қ. Манарбаева

Н.Қ. Нұрғазин

Б.Ш. Есенова

Б.Б. Қожахметов

Ө.Т. Түсімов